

Жакиянова Мейрамгуль Сайлаубаевнаның 6D120100 – «Ветеринариялық медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Постнаталды онтогенез кезеңінде қой және қоянның бауыры мен ұйқы безінің васкуляризациясы және микроқұрылымы» тақырыбындағы орындалған диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшем шарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	6D120100-«Ветеринариялық медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Жакиянова Мейрамгуль Сайлаубаевнаның диссертациясы ғылымның дамуына ғылыми зерттеу бағыттарына сәйкес жазылған. Ынталы жоба аясында ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарларына сәйкес жүргізілді: «Ауыл шаруашылығы малдары мен терісі бағалы аңдардың инвазияларында, онтогенез кезінде ас қорыту жүйесінің сыртқы секреция бездерінің бұзылуын ескере отырып диагностикалау, емдеу және алдын алу». Мемлекеттік тіркеу №0121РКИ0072. 05.04.2021ж.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Докторанттың орындаған ғылыми жұмысы ветеринария ғылымының дамуына үлесін қосады. Алғаш рет ультрақұрылымдық морфологиялық зерттеу әдістерін қолдана отырып постнаталды онтогенездегі қазақтың жартылай қылшық жүнді құйрықты қойы және «Великан» тұқымды қоянның бауыр және ұйқы безінің заңдылықтары нақтыланған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Жоғары. Ізденуші өз бетінше мақсат қойып, зерттеудің міндеттерін анықтап, оны жүзеге асыру жоспарын құрған. Электрондық микроскопты қоспағанда, барлық зерттеулерді ізденуші жеке жүргізген. Барлық зерттелінген материалдарды жеке талдап, қорытындылаған, мақалалар жазылып, баяндамалар құрастырылған.

<p>4. Ішкі бірлік принципі</p>	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.</p>	<p>Негізделген. Жануарлардың түрлеріне, тұқымына, сондай-ақ ұстау жағдайларына байланысты, органдардың анатомиялық және гистологиялық заңдылықтарын анықтауға арналған зерттеулер өзекті болып табылады. Осылайша, бауыр мен ұйқы безінің морфологиясының ерекшеліктері туралы зерттеу жұмыстарын жетілдіру тиімді диагностика мен емдеу әдістерін әзірлеуді қажет етеді.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.</p>	<p>1) Айқындайды. Жұмыстың «Әдебиеттерге шолу» бөлімінде ауыл шаруашылық малдар мен терісі бағалы аңдардың бауыры мен ұйқы безінің құрылыс ерекшеліктеріне, қан айналым жүйесіне ақпараттар берілген. Өзіндік зерттеулерінде дәстүрлі және заманауи анатомиялық, гистологиялық, морфометриялық, қан тамырлардың рентгенографиясы, стереометриялық және биометриялық әдістермен зерттелінген. Қой мен қоян бауыры мен ұйқы безінің құрылымын, топографиясын және васкуляризациясын зерттеу кезінде отандық және заманауи кешенді әдістері қолданылған.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Сәйкес келеді. Тақырыбы бойынша зерттеу жұмыстарын орындау барысында алдына қойылған мақсаттары мен міндеттері тақырыпқа сай бағыттталып, зерттелінген. Өзекті мәселелерге бағыттай отыра, анатомиялық, гистологиялық тәжірибеге қажетті нәтижелерге қол жеткізген.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.</p>	<p>Толық байланысқан. Әдеби шолудан басталған жұмысы зерттеудің мақсаты мен міндеттерімен байланысқан. Зерттеу жұмыстары тақырып ауқымынан ауытқымай, толық ашуға бағыттталған. Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері бір-бірімен байланысып</p>

		орындалған және жұмыстың ішкі бірлігі толықтай сақталған.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Сыни талдау бар. Диссертациялық жұмыста ұсынылған жаңа шешімдер бірнеше зертханалар мен шаруашылық жағындайында жүргізілген зерттеулер негізінде тұжырымдалған. Оларды дәлелдермен нақтылаған. Сонымен қатар бауырдың қан айналым жүйесін зерттеудің жаңа әдістемесін жетілдіріп Қазақстан Республикасының пайдалы модельге бірнеше патент алу арқылы дәлелдеген.
5. Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Толығымен жаңа. Ізденуші постнаталды онтогенездегі қазақтың жартылай қылшық жүнді құйрықты қой және «Великан» тұқымды қоянның бауыры мен ұйқы безінің гистологиялық құрылымы анықталған, жаңа атаулар, әдістемелер бар.
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Толығымен жаңа. Ғылыми зерттеу жұмысы үшін постнаталды онтогенез кезеңінде қазақтың жартылай қылшық жүнді құйрықты қой және «Великан» тұқымды қоянның бауыры мен ұйқы безін зерттеу мақсатында 3, 6, 12 айлық жастағы қой мен қояннан сынама алынған. Барлығы жас ерекшеліктеріне қарай 270 жануарлардан 80 бауыр мен 50 ұйқы безі алынып зерттелініп сипаттама берілген.
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Толығымен жаңа. Зерттеудің жаңалығы №5460, 23.10.2020ж.; №109114, 15.09.2020ж.; №9061, 26.04.2024ж. патенттерімен негізделген.
6. Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (квалитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша	Барлық қорытындылар зертханалық және шаруашылық жағдайында жүргізілген зерттеулерден туындаған, нақты дәлелдемелерге негізделген. Зерттеулерге жеткілікті көлемде мал басы пайдаланылған, олардан

		даярлық бағыттары үшін).	алынған бауыр мен ұйқы безіне гистологиялық, морфометриялық, қан тамырлардың рентгенографиясы, стереометриялық және биометриялық әдістерімен зерттелінген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 	<p>7.1. Ереже дәлелденген.</p> <p>7.2. Тривиалды емес.</p> <p>7.3. Жаңа.</p> <p>7.4. Қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5. Мақалаларда дәлелденген. ҚР №5460, 23.10.2020ж.; №109114, 15.09.2020ж.; №9061, 26.04.2024ж. патенттерімен дәлелденген.</p>
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ. <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі</p>	<p>Ия.</p> <p>Диссертациялық жұмысында алға қойған мақсатқа жету үшін зерттеудің бірнеше әдістемелерін нақты таңдап алған және әрбір әдістерге тиісті сілтемелер келтірген. Бұл дегеніміз ғылыми нәтижелердің сенімділік дәрежесі тиісті деңгейде.</p> <p>Ия.</p> <p>Ізденуші диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы</p>

	<p>заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.</p>	
	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>Ия. Диссертацияның қорытындылары өзара байланысқан және эксперименттік зерттеулермен дәлелденіп расталған.</p>	
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.</p>	<p>Диссертациялық жұмыста отандық, жақын және алыс шет елдік ғалымдардың ғылыми жұмыстарына сілтемелер жасау арқылы расталып, зерттеудің нәтижелері мен қорытындылары арқылы диссертацияның мазмұны жақсы айқындалған.</p>	
	<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.</p>	<p>Докторант ғылыми зерттеу жұмысында 174 ғылыми еңбектерді қолданған. Қолданған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға толығымен жеткілікті.</p>	
9	<p>Практикалық құндылық қағидаты</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <p>1) бар; 2) жоқ.</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия; 2) жоқ.</p> <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Бар.</p> <p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді терапевтік тәжірибеде ас қорыту бездерінің морфофизиологиясы мен патоморфологиясын диагностикалауда және бауыр және ас қорыту жүйесі ауруларының патогенезін зерттеуде қолдану мүмкіндігі жоғары.</p> <p>Докторанттың жануарлар анатомиясы саласына құрастырған практикалық ұсыныстары жаңа болып табылады.</p>
10.	<p>Жазу және ресімдеу сапасы</p>	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары; 2) орташа;</p>	<p>Академиялық жазу сапасы жоғары.</p>

		3) орташадан төмен; 4) төмен.
11.	Диссертацияға ескертулер	Диссертацияның құндылығын, деңгейін және сапасын төмендетпейтін орфографиялық және стилистикалық қателіктер кездеседі. Тоқталатын болсам: Диссертацияның 30 суретінде, 3 айлық қоян ұйқы безінің гистологиялық кесіндісін суреттеу кезіндегі анатомиялық терминнің байланысуындағы қателік. Яғни: «эпителиалды клеткалар қатары» сөйлемдерінің дұрыс құралмауы. Дұрысы «эпителиалды жасушалардың реттік орналасуы»
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейінің мазмұны, құрылымы мен сапасы талаптарға сай жазылған. Барлығы 8 ғылыми мақалалары ғылыми жұмыстың жоғарғы деңгейі мен ғылыми өзіндік көзқарасты көрсетіп айқындайды.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	Жакиянова Мейрамгуль Сайлаубаевнаның «Постнаталды онтогенез кезеңінде қой және қоянның бауыры мен ұйқы безінің васкуляризациясы және микроқұрылымы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ҚР ҒжБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сәйкес орындалған, толық аяқталған жұмыс және «Дәрежелер беру» қағидаларының 2-тармағында көрсетілген диссертациялық талаптарына толық сәйкес келеді деп есептеймін және 6D120100 «Ветеринариялық медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы шешімімді ұсынамын.

Ресми рецензент:

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті
«Н.О.Базанова атындағы жануарлар
биологиясы» кафедрасының меңгерушісі,
биология ғылымдарының докторы, профессор



Джанабекова Г.К.

« 2 » 09 2024 жыл

